

2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 58/381 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 желтоқсанда № 6885 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімінің 19-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 75-бабы 2-тармағына, 9-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6 153 009 мың теңге:

салықтық түсімдер – 522 241 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 7 254,4 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 32 344 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 591 169,6 мың теңге;

2) шығындар – 6 254 060,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 50 076 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 89 487,1 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 39 411,1 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін

сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 151 127,7 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын

қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 151 127,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 89 487,1 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 39 411,1 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 101 051,7 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.05.2021

№ 7/79 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 10.09.2021 № 10/94 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-1. 2021 жылға арналған аудан бюджетінің шығындарында қаржылық жылдың басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары есебінен республикалық бюджеттен және облыстық бюджеттен 2020 қаржылық жылда бөлінген пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару 4 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-2. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде шығындар қаржылық жылдың басына қалыптасқан қаражаттардың бос қалдықтары есебінен 5 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2021 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен құрылатыны белгіленсін: облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждан басқа, мемлекеттік баж.

3. 2021 жылға арналған аудандық бюджетке әлеуметтік салық түсімдерінің 100 пайыз көлемінде аударылатындығы белгіленсін.

4. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен құрылатыны белгіленсін:

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін кірістер;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудан бюджетіне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

5. Аудандық бюджеттің кірістері келесі негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен құрылатыны белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

6. Аудандық бюджеттің кірістері жергілікті бюджеттен жеке тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттердің өтеуінен түскен түсімдерден құрылатыны белгіленсін.

7. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін 2021 жылға трансферттер (субвенциялар) көлемі – 3 616 588 мың теңге, 2022 жылға – 3 650 246 мың теңге, 2023 жылға – 3 670 349 мың теңге сомада қарастырылсын.

8. 2021 жылы аудандық бюджеттен ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін трансферттер (субвенциялар) көлемі 256 240 мың теңге сомада қарастырылсын, соның ішінде:

Алматы ауылдық округіне 12 106 мың теңге;

Амангелді ауылдық округіне 12 961 мың теңге;

Бұлақ ауылдық округіне 11 632 мың теңге;

Бесқұдық ауылдық округіне 15 073 мың теңге;

Волошинка ауылдық округіне 13 748 мың теңге;

Заградовка ауылдық округіне 18 889 мың теңге;

Заречный ауылдық округіне 23 803 мың теңге;

Ильинка ауылдық округіне 13 324 мың теңге;

Корнеевка ауылдық округіне 13 396 мың теңге;

Николаевка ауылдық округіне 14 788 мың теңге;

Покровка ауылдық округіне 16 761 мың теңге;

Петровка ауылдық округіне 12 203 мың теңге;

Торанғұл ауылдық округіне 13 116 мың теңге;

Спасовка ауылдық округіне 14 152 мың теңге;

Ясновка ауылдық округіне 16 195 мың теңге;

Явленка ауылдық округіне 34 093 мың теңге.

9. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің залалын өтеуге арналған шығындар 2 983 678 мың теңге сомада қарастырылсын.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 10.09.2021 № 10/94 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттің борыштары бойынша басқа да төлемдер мен жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына қызмет көрсетуге арналған шығындар 272,4 мың теңге сомада қарастырылсын.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттің нысаналы трансферттерінің түсімдері есепке алынсын, соның ішінде:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

2) тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік ұйымдарында арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын қызметкерлердің еңбекақы төлеміне үстемақы белгілеуге;

3) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге;

протездік-ортопедиялық құралдарына;

сурдо техникалық құралдарына;

тифло техникалық құралдарына;

арнайы қозғалу құралдарына (кресло-арбалар);

санаторлық-курорттық емдеулерге;

4) Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5) мәдениет және архивтік мекемелердің мемлекеттік ұйымдарының басқару және негізгі персоналына мәдениет және архивтік мекемелері ұйымдарында ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеуге;

6) жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үйді сатып алуға ;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нысаналы трансферттері есебінен " Ауыл-Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға:

Явленка ауылында терезе блоктарын ауыстыру және ғимараттың қасбетін керамигранитпен жабумен Мәдениет үйі ғимаратының күрделі жөнделуіне;

Амангелді ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөнделуіне;

Петровка ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөнделуіне;

Явленка ауылындағы кентішілік жолдардың орташа жөнделуіне;

Есіл ауданының Корнеевка Мәдениет үйінің күрделі жөнделуіне;

Есіл ауданының Корнеевка ауылында жарықтандыруы және тратуарларымен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне.

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының нысаналы трансферті есебінен мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйге қызмет көрсету, уақытша орналасу ұйымдары, жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің еңбекақы төлемдерін арттыруға;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының нысаналы трансферті есебінен " Ауыл-Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға:

Явленка ауылы, Коваленко көшесі, 27А мекенжайында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының нысаналы трансферті есебінен көлік инфрақұрылымының басым жобаларын жүзеге асыруға:

аудандық маңыздағы "Амангелді ауылына кіреберіс" КТЭС-104 автомобиль жолының орташа жөндеуіне;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нысаналы трансферті есебінен " Қарағаш ауылына кіреберіс" КТЭС-110 аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуіне.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттің нысаналы трансферттерінің түсімі есепке алынсын, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" № 990 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "Ауыл-Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға, соның ішінде:

Есіл ауданының Корнеевка Мәдениет үйінің күрделі жөндеуіне;

Есіл ауданының Корнеевка ауылында жарықтандыруы және тратуарларымен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

Явленка ауылында терезе блоктарын ауыстыру және ғимараттың қасбетін керамогранитпен жабумен Мәдениет үйі ғимаратының күрделі жөндеуіне;

Амангелді ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

Явленка ауылындағы кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне.

2) Ауылдық кітапханаларды телефондандыруға, интернет желісіне қосуға;

3) Ауылдық кітапханаларға интернет үшін компьютерлер сатып алуға.

4) Петровка ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

- 5) Ильинка ауылында сумен жабдықтау жүйесінің ағымдағы жөндеуіне;
- 6) Заградовка ауылында орнатумен су тазарту жүйесін сатып алуға;
- 7) Петровка ауылында резенке жабынмен жүгіру жолағын орнатуға;
- 8) 9 мамыр-Жеңіс күні" күнін мерекелеуге біржолғы әлеуметтік көмек төлеміне.
- 9) протезді-ортопедиялық жабдықтарға;

10) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің еңбекақы төлемін арттыруға.

11) мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыруға;

12) Ильинка ауылдық округінің Амангелді ауылында көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;

13) мемлекеттік органдардың штат санын қысқарту барысында төрт орташа айлық еңбекақы төлемі көлемінде жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеуге.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 10.09.2021 № 10/94 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12-1. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетінде республикалық бюджеттің субвенциясы есебінен облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер көлемі қарастырылсын, соның ішінде:

"Қарағаш ауылына кіреберіс" КТЭС-110 аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуіне.

Облыстық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. Шешім 12-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруға арналған республикалық бюджеттің бюджеттік кредиттері есепке алынсын.

Республикалық бюджеттің аталған кредиттерін бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

14. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетінде мәдениет және архивтік мекемелердің мемлекеттік ұйымдарының басқару және негізгі

персоналына мәдениет және архивтік мекемелері ұйымдарында ерекше еңбек жағдайларына лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеуге ауылдық округтер бюджетіне республикалық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі қарастырылсын.

Республикалық бюджеттің аталған нысаналы трансферттерін бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

15. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетінде ауылдық округтер бюджетіне облыстық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің көлемдері қарастырылсын, соның ішінде:

- 1) Явленка ауылындағы кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;
- 2) Алабие ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 3) Черуновка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 4) Волошинка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 5) Ивано-Петровка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 6) Заградовка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 7) Ильинка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 8) Чириковка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 9) Қараағаш ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 10) Чириковка ауылы мен Луговое ауылы арасындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 11) Покровка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне;
- 12) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 13) Явленка ауылындағы көше жарығының ағымдағы жөндеуіне.

Облыстық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетінде ауылдық округтер бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі қарастырылсын.

Аудандық бюджеттің аталған нысаналы трансферттерін бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

17. 2021 жылда ауылдық жерлерде азаматтық қызметкерлер болып табылатын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет облысының мамандарына қалалық жағдайларда осы қызмет түрлерін атқаратын азаматтық қызметкерлердің жалақыларымен салыстырғанда лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлері жиырма бес пайызға ұлғаюы қарастырылсын (ескерілсін).

Ескерту. 17- тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. 2021 жылға арналған Есіл ауданының жергілікті атқарушы органдарының резерві 58 487,3 мың теңге сомада бекітілсін.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 10.09.2021 № 10/94 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының
мәслихаты сессиясының төрағасы

К. Абулгазин

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының хатшысы

А. Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 58/381 шешіміне
қосымша

2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/25 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.05.2021 № 7/79 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) 29.07.2021 № 9/87 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдермен; 10.09.2021 № 10/94 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 05.11.2021 № 12/104 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.12.2021 № 13/127 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	6 153 009
1			Салықтық түсімдер	522 241
	03		Әлеуметтік салық	359 182
		1	Әлеуметтік салық	359 182

	04		Меншікке салынатын салықтар	45 020
		1	Мүлікке салынатын салықтар	44 910
		5	Бірыңғай жер салығы	110
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	114 519
		2	Акциздер	1 900
		3	Табиғи және баска да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	105 039
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 580
	07		Баска да салықтар	20
		1	Баска да салықтар	20
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 500
		1	Мемлекеттік баж	3 500
2			Салықтық емес түсімдер	7 254,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 327,4
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 613
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	37,4

		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	677
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	127
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	127
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	300
			Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы	

		1	Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	300
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 500
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 500
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	32 344
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 121
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 121
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	26 223
		1	Жерді сату	20 410
		2	Материалдық емес активтерді сату	5 813
4			Трансферттердің түсімдері	5 591 169,6
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	14 884,5
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	14 884,5
			Мемлекеттік басқарудың жоғары	

	02		тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 576 285,1
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 576 285,1
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	6 254 060,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 198 482,7
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	23 916
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 916
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	215 964
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	163 259
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	52 705
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	53 007,3
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту,	

		001	мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 265
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	7 592
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	900,3
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	250
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	905 595,4
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 800
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	861 795,4

02			Қорғаныс	13 644
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 644
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 975
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 909
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	2 760
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 688,9
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 688,9
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	3 688,9
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	585 346,4
			Ауданның (облыстық маңызы	

451			бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	540 053,7
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	227 809
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8 057
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	43 154
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	29 496,7
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	145 700
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	29 917

		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	55 502
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	418
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	45 292,7
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 131,7
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 948
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 213
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	236 167,9
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын	

	495		үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	236 167,9
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	1 950
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	72 679,8
		014	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	250,6
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	8 496
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 891,5
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	4 900
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	144 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	225 606
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	165 185
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 000

		010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	15 891
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	77 772
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	69 928
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	594
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	6 793
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 793
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	30 401
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 495
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	400

		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	12 506
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	23 227
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 096
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 131
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	89 341,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	27 973,2
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	27 973,2
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	43 075,5
			Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы	

		001	және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 075,5
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	18 293
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 293
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 400
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 400
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	1 400
12			Көлік және коммуникация	271 747
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	271 747
			Автомобиль жолдарының жұмыс	

		023	істеуін қамтамасыз ету	18 927
		034	К ө л і к инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	189 304
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	63 516
13			Басқалар	381 040,3
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	15 351
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 351
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	188 706
		052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	188 706
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	58 487,3
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	58 487,3

			жергілікті атқарушы органының резерві	
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	118 496
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	118 496
14			Борышқа қызмет көрсету	272,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	272,4
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	272,4
15			Трансферттер	3 247 323,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 247 323,4
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	7 405,4
			Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары	

		024	тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2 983 678
		038	Субвенциялар	256 240
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	50 076
			Бюджеттік кредиттер	89 487,1
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	89 487,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	89 487,1
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	89 487,1
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 411,1
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 411,1
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 411,1
